

Ұйғыр ауданы бойынша тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелерін белгілеу туралы

Алматы облысы Ұйғыр аудандық мәслихатының 2019 жылғы 26 қыркүйектегі № 6-56-321 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2019 жылы 4 қазанда № 5277 болып тіркелді

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы (Салық Кодексі)" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 546-бабының 3-тармағына сәйкес, Ұйғыр аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ұйғыр ауданы бойынша қызметтің жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелері осы шешімнің қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ұйғыр аудандық мәслихаттың "Бюджет, экономикалық даму, өнеркәсіп, көлік, құрылым, байланыс, сауда, туризм, тұрғын үй мәселелер жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органынан мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат

сессиясының төрагасы

Аудандық мәслихаттың

хатшысы

Н. Дауренбеков

Н. Есжан

Ұйғыр аудандық мәслихатының 2019 жылғы "___"
"Ұйғыр ауданы бойынша бірыңғай
тіркелген салық мөлшерлемелерін белгілеу туралы
" № _____ шешіміне қосымша

Қызметтің Ұйғыр ауданы аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелері

P/ №	Салық салу объектісінің атауы	Бірыңғай тіркелген салық мөлшерлемелерінің мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)
1	2	3
1.	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	3
2.	Біреуден көп ойыншының қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	3
3.	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1
4.	Ойын жолы	6

5.	Карт	2
6.	Бильярд үстелі	8
7	Астана және Алматы қалаларын және арнайы аймақты қоспағанда, уәкілетті ұйымның елді мекенде орналасқан айырбастау пункті	10

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК